

Қарасай аудандық мәслихатының 2011 жылғы 10 наурыздағы "Қарасай ауданы аумағында жер салығының базалық ставкасын бекіту туралы" № 51-4 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 2017 жылғы 18 қантардағы № 11-11 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылды 1 ақпанда № 4088 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Қарасай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Қарасай ауданы аумағында жер салығының базалық ставкасын бекіту туралы" 2011 жылғы 10 наурыздағы № 51-4 Қарасай аудандық мәслихатының шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2-11-100 тіркелген, 2011 жылдың 7 мамырында "Заман жаршысы" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихат аппаратының басшысы К. Абильбековке жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың кезектен тыс

11-ші сессиясының төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

Б. Айнабеков

Е. Қалиев

Қарасай аудандық мәслихатының 2017 жылғы "18" қантардағы "Қарасай аудандық мәслихатының 2011 жылғы 10 наурыздағы "Қарасай ауданы аумағында жер салығының базалық ставкасын бекіту туралы" № 51-4 шешімінің күші жойылды деп тану туралы" № 11-11 шешіміне келісім

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің

мемлекеттік кірістер комитеті

Алматы облысы бойынша

мемлекеттік кірістер

департаментінің Қарасай ауданы

бойынша мемлекеттік кірістер

басқармасы" Республикалық

мемлекеттік мекемесінің

басшысының міндетін атқарушы

Алхиев Сакен Кусаинович

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК